Құжат «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу веб-порталымен құрылған
Документ сформирован веб-порталом закупок АО «Самрук-Қазына»

Жұмыстарды сатып алу жөнінде шарт №_____

_____қ. «__»_____2026 ж.

"Қазақстан темір жолы" Ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталатын, _____ _____ негізінде әрекет ететін _____, атынан, бір жағынан, және _____ бұдан әрі «Өнім беруші» деп аталатын, _____ _____ атынан, негізінде қызмет ететін _____, , екінші жағынан, бірге «Тараптар» деп аталатын, және жеке жоғарыда аталғандай «Тарап» деп аталатын, «Самұрық-Қазына» АҚ Директорлар кеңесімен бекітілген (2022 жылғы «03» наурыз №193) «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының және акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан көп пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тікелей немесе жанама түрде тиесілі заңды тұлғалардың сатып алу қызметін басқару тәртібіне (бұдан әрі – Тәртіп) сәйкес және _____ _____ негізінде осы жұмыстарды сатып алу жөнінде шартты (бұдан әрі – Шарт) жасады және төмендегідей келісімге келді. Мердігер осы Шартқа қол қоя отырып: • заңнамаға сәйкес құрылған және әрекет ететін кәсіпкерлік субъектісі болып табылатынын; • осы Шартқа қол қою үшін қандай да бір шектеулер, тыйым салулар жоқтығын; • осы Шартқа қол қою алдында өзінің барлық кәсіпкерлік тәуекелдерін бағалағанын және сәйкестендіргенін растайды. Жобалау алдындағы және (немесе) жобалау (жобалау-сметалық) құжаттамасында тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін, фирмалық атауларын, патенттерді, пайдалы модельдерді, өнеркәсіптік үлгілерді, тауардың шығарылған жерінің атауын және өндірушінің атауын, сондай-ақ төмендегі жағдайларды: 1) жете жинақтау, жете жарақтандыру, біріздендіру немесе қолда бар тауарлармен, жұмыстармен және көрсетілетін қызметтермен үйлесімділігін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ одан әрі техникалық сүйемелдеу, сервистік қызмет көрсету және жөндеу, оның ішінде негізгі (орнатылған) жабдықты жоспарлы жөндеу (қажет болған кезде) үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алу; 2) Тапсырыс беруші өзі өнім беруші ретінде Қазақстан Республикасының бейрезидентімен жасасқан шарт бойынша міндеттемелерді орындауы үшін тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алған және осы Шартта тауар белгілеріне, қызмет көрсету белгілеріне, фирмалық атауларына, патенттеріне, пайдалы модельдеріне, өнеркәсіптік үлгілеріне, тауардың шығарылған жерінің атауына және өндірушінің атауына, сондай-ақ сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушіге не өндірушіге тиесілігін айқындайтын өзге де мәліметтерге және (немесе) құжаттарға тиісті нұсқаулар болған жағдайларды қоспағанда, сатып алынатын тауардың, жұмыстың, көрсетілетін қызметтердің жекелеген әлеуетті өнім берушіге тиесілігін көрсететін өзге де мәліметтерді және/немесе құжаттарды көрсетуге жол берілмейді:

1. Шарттың мәні

1.1. Мердігер осы Шарттың талаптарына сәйкес жұмыстарды (бұдан әрі - Жұмыс) орындауға міндеттенеді, ал Тапсырысшы Мердігер Шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған жағдайда осы Шарттың талаптары негізінде орындалған Жұмыстарды қабылдауға және оған ақы төлеуге міндеттенеді.

1.2. Мердігер сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесіне (Шартқа 1-қосымша) және Шарттың ажырамас бөліктері болып табылатын техникалық ерекшелікке (Шартқа 2-қосымша) сәйкес жұмыстарды орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші мердігер орындаған жұмыстарды осы Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Шарттың ажырамас бөліктері: сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесі (Шартқа 1-қосымша); техникалық ерекшелік (Шартқа 2-қосымша); қызметтер көрсетуге/жұмыстарды орындауға арналған шарттағы жергілікті қамту үлесінің болжамды/нақты есебі (Шартқа 3-қосымша); банктік кепілдік сатып алу туралы шарттың орындалуын қамтамасыз ету нысаны (Шартқа 4-қосымша); құжаттарды қабылдау-беру актісінің нысаны (Тапсырыс берушінің объектілеріндегі өндірістік қауіпсіздіктің талабы бойынша компанияның стандарттары және; Тапсырыс берушінің/компанияның және еншілес ұйымдардың объектілерінде мердігер ұйымдардың жұмыстар мен қызметтерді орындау кезінде өндірістік қауіпсіздік талаптарын бұзу тізбесі (Шартқа 6-қосымша); өндірістік қауіпсіздік туралы ақпарат (Шартқа 7-қосымша); сатып алу туралы шартты орындау шеңберінде тартылған қосалқы мердігер/бірлесіп орындаушы туралы ақпарат (Шартқа 8-қосымша).

2. Шарттың құны және төлеу шарттары

2.1. Шарттың жалпы сомасы _____ (_____) _____ тең және оған Шарттың талаптарын тиісті түрде орындаумен байланысты барлық шығындар кіреді және Шартта және Тәртібінде аталған жағдайлардан басқа, Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттерін толық орындамағанша өзгертуге жатпайды.

2.2. Шарт бойынша төлем түрлерінің жалпы арақатынасы Шарттың № 1-қосымшасында берілген.

2.3. Шарт бойынша төлеу келесі тәртіпте орындалады:

2.4. Орындалған Жұмыстар үшін төлем, соның ішінде Шарт бойынша соңғы есеп айырысу, Тараптардың орындалған Жұмыстардың актісіне қол қойған күннен және келесі құжатты (тарды) бергеннен кейін 30 (отыз) күнтізбелік күннен кеш емес мерзім ішінде орындалады:

2.4.1. Электрондық құжат нысанында Шарттың (электрондық сатып алуды қамтамасыз ететін «Самұрық-Қазына» АҚ-ның ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - Жүйе) соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен қоса беріледі) аясында орындалған Жұмыстардың бүкіл көлемі үшін жергілікті қамту үлесін есептеу;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

2.4.2. Орындаушы "электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесі арқылы жазып берген электрондық шот-фактура немесе шот-фактура;

2.4.3. Орындалған жұмыстар актіс (Орындалған жұмыстар актісін Орындаушы және Тапсырыс беруші "электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесінде (не Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 562 бұйрығымен бекітілген Р-1 нысаны бойынша қағаз жеткізгіште) жібереді және оған қол қояды)і;

2.4.4. Салыстыру актісі.

2.5. Өнім беруші заңнамаға сәйкес ресімделген және қол қойылған Орындалған жұмыстардың актісін (актілерін) Тапсырыс берушіге Веб-портал арқылы жібереді. Электрондық түрде Веб-порталда Жұмыстарды қабылдау-беру актісін (актілерін) қалыптастыруға және қол қоюға жол беріледі.

2.6. Тапсырыс беруші Мердігердің төлемге құжаттар пакетін кеш берумен/қол қоюмен байланысты төлемді өткізіп алу үшін жауапты емес.

2.7. Осы Шарт бойынша төлем Тапсырыс берушінің филиалдары арқылы жүзеге асырылады. "ҚТЖ" ҰК "АҚ"Жамбыл магистральдық желі бөлімшесі" филиалы Жамбыл облысы, Тараз қаласы, Привокзальная көшесі, 1-үй БСН 011241000908 ЖСК KZ276010161000027152 "Қазақстан Халық жинақ банкі"АҚ БСК HSBKKZKX, КБе 16

2.8. төлем нысаны - Орындаушының есеп айырысу шотына ақша аудару жолымен.

3. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

3.1. Мердігер міндеттенеді:

3.1.1. Шарттың талаптарына сәйкес Жұмыстарды орындау;

3.1.2. Осы Шартқа қол қойыл.ан күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Орындаушы Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылу мерзімімен Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді Шарттың жалпы құнының 3% мөлшерінде Төлем тапсырмалары, Банк кепілдігі түрінде енгізсін. Осы міндеттеме, егер ол Тәртіп 43-бабының 7-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкес келсе, Орындаушыға қолданылмайды;

3.1.3. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізгеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырыс берушінің құрылымдық бөлімшесіне қабылдау-тапсыру актісі бойынша төлем тапсырмасының көшірмесін/түпнұсқасын немесе банк кепілдігінің түпнұсқасын (Шартқа 4-қосымшаға сәйкес ресімделген) ұсынуға тиіс;

3.1.4. Тапсырыс берушіге соңғы орындалған Жұмыстардың актісімен бірге Шарт аясында орындалған Жұмыстардың көлемі бойынша жергілікті қамту үлесінің есебін электрондық құжат түрінде беру (Жүйеде беріледі).

3.1.5. Шарттың талаптарына сәйкес Тапсырыс берушімен анықталған Жұмыстарда кемшіліктерді жою. Тапсырыс берушінің Өнім берушінің Жұмыстардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуды талап етуге құқығы жоқ.

3.1.6. 1.2-тармақта, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің тізбесінде (Шартқа №1 қосымша) және техникалық ерекшелікте (Шартқа №2 қосымша) көрсетілген сапалы және уақытылы қызмет көрсетуді қамтамасыз ету.

3.1.7. жұмыстарды сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер тізбесінде (Шартқа 1-қосымша) көрсетілген мерзімдерде орындау

3.1.8. еңбек қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы, қызмет көрсету объектісінде қолданылатын өзге де нормативтік актілерді, сондай-ақ шарт талаптарына сәйкес Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздігі саласындағы талаптарды қоса алғанда, Қазақстан Республикасы заңнамасының нормаларын сақтауға міндетті.

3.1.9. Орындаушының және Тапсырыс берушінің уәкілетті өкілдері көрсеткен қызметтер актісіне қол қойғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде мынадай құжаттарды: көрсетілген қызметтер актісін, салыстырып тексеру актісін, орындаушы "электрондық шот-фактуралар" ақпараттық жүйесі немесе шот-фактура арқылы жазып берген электрондық шот-фактураны ұсынуға міндетті.

3.1.10. Тапсырыс берушіге Орындалған жұмыстардың актілерін ұсынған кезде Шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын Шартқа 8-қосымшаға сәйкес шартты орындау шеңберінде тартылған бірлесіп орындаушы туралы ақпарат ұсыну (әлеуетті өнім беруші тендер кезеңінде мәлімделген жұмыстарды орындау бойынша бірлесіп орындаушылар бойынша қосалқы мердігерлердің қызметтерін тартқан жағдайда).

3.1.11. қызмет көрсету үшін Тапсырыс беруші Орындаушыға берген техникалық қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі және объектілердің сақталуы жөніндегі қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз ету;

3.1.12. Тапсырыс берушіге Орындаушының осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін уақтылы және толық орындауына кедергі келтіретін мән-жайлар туралы уақтылы хабарлау;

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

3.1.13. Қазақстан Республикасы заңнамасының және өндірістік қауіпсіздік саласындағы осы Шарттың талаптарын бұза отырып жұмыстар орындалған жағдайда, орын алған бұзушылықтар толық жойылғанға дейін жұмыстардың орындалуын, оның ішінде Тапсырыс берушінің талабы бойынша тоқтата тұруға құқылы. Бұл жағдайда жұмыстарды орындауды тоқтата тұру мердігердің кінәсінен тоқтап қалу болып табылады.

3.1.14. қызметкерлерді Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік қызметіне кіріспе нұсқамаға жіберу.

3.1.15. Жұмыс орындалу объектісінде жол қозғалысы қауіпсіздігі бойынша жұмысты ұйымдастыру;

3.1.16. Тапсырыс берушінің объектілерінде жұмыс орындалу кезінде орын алған барлық жазатайым оқиғалар, инциденттер, авариялар, Орындаушы табиғат қорғау заңнамасын бұзған жағдайлар туралы Тапсырыс берушіні ең аз уақыт ішінде, бірақ 24 сағаттан аспайтын уақыт ішінде хабардар етуге, оларды тергеп-тексеру жөніндегі комиссиялардың құрамына Тапсырыс берушінің өкілдерін қоса отырып, Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес тергеп-тексеруді ұйымдастыруға міндетті.

3.1.17. Тапсырыс берушіге оның жазбаша талабы бойынша Орындаушының шартқа 6-қосымшаға сәйкес Тапсырыс берушінің объектілерінде Орындаушы жұмыстарды орындаған кезде өндірістік қауіпсіздік талаптарын бұзушылықтар тізбесіне сәйкес айқындалатын, Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұлды) төлеуге, сондай-ақ Орындаушының Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарын орындамауы немесе тиісінше орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің келтірілген залалдарын өтеуге міндеттенеді.

3.1.18. оқиғалардың себептерін тексеруді ұйымдастырады және жүргізеді, тексеру жөніндегі комиссияның құрамына Тапсырыс берушінің өкілдерін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілдерін қоса отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен және мерзімдерде тергеп-тексеру нәтижелері бойынша құжаттаманы ресімдейді.

3.1.19. өз қызметкерлерін (және осы Шарт бойынша қызмет көрсету үшін Орындаушы тартатын қызметкерлерді) қызмет көрсету объектісінде қолданылатын стандарттармен, регламенттермен, Тапсырыс берушінің нұсқаулықтарымен және Тапсырыс берушіден алынған өндірістік қауіпсіздік саласындағы Тапсырыс берушінің өзге де жергілікті құжаттарымен таныстыру. Танысу фактісін жазбаша түрде рәсімдеңіз.

3.1.20. өндірістік қауіпсіздік туралы ақпаратты тиісті мерзімдерде Шарттың 7-қосымшасына сәйкес "өндірістік қауіпсіздік туралы ақпарат" нысаны бойынша ұсыну.

3.1.21. Тапсырыс берушінің объектісінде барлық қолданыстағы Санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау;

3.1.22. қаржы агентіне осы Шарттан ақшалай талапты (факторингті) басқаға беру арқылы қаржыландыру шарты бойынша туындайтын Тапсырыс берушіге өзінің ақшалай талабын (бұдан әрі – факторинг шарты) бермеуге;

3.1.23. факторинг шартына қол қойылған және/немесе Тапсырыс берушіден тиісті сұрау алған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде:

3.1.23.1. факторинг шартының нотариалды куәландырылған көшірмесі;

3.1.23.2. жеткізуші/ орындаушы/ мердігер тарапынан факторинг шартына қол қойған тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттар.».

3.2. Тапсырыс беруші міндетті:

3.2.1. Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстарды қабылдауға.

3.2.2. Мердігерден Орындалған Жұмыстардың актісін алған күннен кейін 10 (он) жұмыс күн ішінде шағымдар болмаған жадғайда Орындалған Жұмыстардың актісіне қол қоюға.

3.2.3. Шарттың шарттарына сәйкес төлемді (дерді) жасау.

3.2.4. Мердігерге өзі енгізген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді ол Шарт бойынша өз міндеттемелерін толық және тиісінше орындаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде қайтаруға.

3.2.5. Орындаушыға жұмыс орындау үшін қажетті ақпаратты ұсыну

3.2.6. Тапсырыс беруші 5.2.19-тармақшада көрсетілген айыппұлды ұстап қалуға міндетті. Өнім берушінің 3.1.24-тармақшада көзделген міндеттерді бұзғаны үшін берілген ақшалай талап сомасынан жасалған шартты. Шарт

3.3. Мердігер құқылы:

3.3.1. Тапсырыс берушіден Шартта көзделген төлемді (терді) талап етуге.

3.3.2. Тапсырыс берушіден Жұмыстарды уақтылы қабылдауды және орындалған Жұмыстардың актісіне (актілеріне) қол қоюды талап

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

етуге;

3.3.3. Тапсырыс берушіден өсімпұлдың, айыппұлдың және залалдың сомасын төлеуді талап етуге;

3.3.4. Тапсырыс берушіден енгізілген шарттың орындалуын қамтамасыз етуді уақтылы қайтаруды талап етуге;

3.3.5. Тәртібінде және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша шартты бұзу;

3.3.6. мердігердің "ҚТЖ "ҰК" АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде "ҚТЖ "ҰК" АҚ-қа тиесілі ұйымдардың алдындағы берешегінің (соның ішінде залалдар, тұрақсыздық айыбы, өсімпұл, айыппұлдар және т.б. сомаларының) сомасын акцептсіз тәртіппен ұстап қалу.

3.3.7. Тапсырыс беруші факторинг шартына қатысты өнім берушіден/орындаушыдан/мердігерден тиісті ақпарат пен құжаттарды сұратуға құқылы.

3.4. Тапсырыс беруші құқылы:

3.4.1. Мердігерден қойылған өсімақы, айыппұл және шығындар сомасын төлеуді талап етуге.

3.4.2. Шарттың құнын тиісті түрде азайта отырып, Жұмыстарды немесе Шарттың талаптарына сәйкес келмейтін Жұмыстардың белгілі бір бөлігін қабылдаудан бас тартуға.

3.4.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында, Тәртібінде және (немесе) Шартта көзделген негіздер бойынша Шартты бұзуға. Тапсырыс берушінің Өнім берушіден Жұмыстардағы жергілікті қамтудың болжамды үлесін ұсынуын талап етуге құқығы жоқ.

3.4.4. Шарттың талаптарында белгіленген көлемде және сапада жұмыстардың орындалуын талап ету;

3.4.5. Орындалған жұмыстардың барысы мен сапасын бақылау мақсатында кез келген уақытта орындаушыдан қызмет көрсету барысы туралы аралық есептерді сұратуға.

3.4.6. Орындаушының және орындаушы тартатын үшінші тұлғалардың осы Шарттың талаптарын сақтауына мониторингті жүзеге асыру. Тексеру барысында анықталған бұзушылықтар Тапсырыс берушінің өкілдері, Орындаушының қызметкерлері қол қоятын тексеру актісінде тіркеледі).

3.4.7. өз қалауы бойынша және салдарын барынша азайту мақсатында Тапсырыс берушінің объектілерінде шарт бойынша қызмет көрсету процесінде Орындаушының кінәсінен туындаған қоршаған ортаға зиянды әсердің салдарын оқшаулау және жою бойынша жұмыстарды жүргізуге қатысу. Бұл жағдайда Орындаушы Тапсырыс берушіге осындай жұмыстарды жүргізуге жұмсалған шығыстарды өтейді.

3.4.8. Мердігер Тапсырыс берушінің өндірістік қауіпсіздік саласындағы талаптарын сақтамаған жағдайда мердігерді осы Шарт бойынша жұмыстарды орындауға жібермеуге міндетті.

3.4.9. Орындаушы түзету іс-қимылдарын орындамаған немесе оқиғаға әкеп соққан компанияның және еншілес ұйымдардың өндірістік қауіпсіздік саласындағы заңнамалық және жергілікті актілерінің талаптарын бұзу туралы ауызша ескерткен жағдайларда компанияның немесе еншілес ұйымдардың жауапты өкілдері орын алған бұзушылықтар толық жойылғанға дейін қызметтер көрсетуді тоқтата тұруға құқылы.

3.4.10. мердігердің орындалған жұмыстары үшін мердігерге төленуге тиісті сомадан Тапсырысшының алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша берешегінің (оның ішінде залалдар, тұрақсыздық айыбы, өсімпұлдар, айыппұлдар және т.б. сомаларының) сомасын акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы.

3.4.11. осы Шарт бойынша "ҚТЖ "ҰК" АҚ кредиторлық берешегі сомасынан Орындаушының соңғысының "ҚТЖ "ҰК" АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан астамы тікелей немесе жанама түрде "ҚТЖ "ҰК" АҚ-қа тиесілі ұйымдардың алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша берешек сомасын акцептсіз тәртіппен ұстап қалу.

3.4.12. Орындаушының Шартты орындауын қамтамасыз ету енгізілген сомадан тұрақсыздық айыбының (өсімпұл мен айыппұлдың) сомасын акцептсіз тәртіппен ұстау.

3.4.13. Тапсырыс беруші Өнім берушінің/мердігердің берешек сомасын тапсырыс берушінің және/немесе дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы өнім берушінің/мердігердің Тапсырыс беруші және/немесе ұйым алдындағы кез келген міндеттемелері бойынша өнім берушінің/мердігердің алдында Тапсырыс берушіге тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың кредиторлық берешегі сомасынан акцептсіз тәртіппен ұстап қалуға құқылы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығымен тікелей немесе жанама түрде Тапсырыс берушіге тиесілі (қатысу үлестері)

4. Жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

4.1. Орындаушы осы Шарт бойынша жасаған жұмыстарды тапсыру – қабылдау Орындаушы Тапсырыс берушіге ұсынған жасалған

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

жұмыстар актісі негізінде жүзеге асырылады.

4.2. Тапсырыс беруші жасалған жұмыстар нәтижелеріне ескертулер болмаған жағдайда орындаушы жасалған жұмыстар актісін ұсынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жасалған жұмыстар актісіне қол қояды . Қабылдау кезінде не кепілдік мерзімі ішінде жасалған жұмыстардың қандай да бір кемшіліктері анықталған жағдайда Тапсырыс беруші 3 (үш) жұмыс күні ішінде Орындаушыға жасалған жұмыстардың анықталған кемшіліктерін жою туралы жазбаша хабарлама жібереді.

4.3. Мердігер Тапсырысшыдан Орындалған жұмыстардың нәтижелерін тапсыру-қабылдау барысында анықталған кемшіліктерді жою туралы жазбаша хабарлама алған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде не кепілдік мерзімі кезеңінде табылған кемшіліктерді өз есебінен және өз күшімен жоюға міндетті. Анықталған кемшіліктерді жою мүмкін болмаған жағдайда Тараптар орындалған жұмыстардың құнын тиісінше орындалмаған жұмыстар сомасына азайту жағына қарай қайта есептеуді жүргізеді және Мердігер Тапсырыс берушіге осыған келтірілген залалдарды өтейді.

4.4. Мердігер орындалған жұмыстардың сапасына орындалған жұмыстардың актісіне/ орындалған жұмыстардың қорытынды актісіне қол қойылған күннен бастап немесе Шарттың қолданылу кезеңіне 12 ай/ күн ішінде кепілдік береді.

5. Тараптардың жауапкершілігі

5.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны және/немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

5.2. Мердігердің жауапкершілігі:

5.2.1. Мердігер Шартта айтылған Жұмыстарды орындау мерзімдерін өткізіп алған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін уақтылы орындалмаған Жұмыстар құнының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ _____ 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге міндетті;

5.2.2. Мердігер Шарттың талаптарына сәйкес анықталған ақауларды уақытында жою мерзімдерін өткізіп алса, Мердігер Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбы түрінде әр кешіктірілген күн үшін _____ 0.01 % тең соманы төлейді, _____ 10 % артық емес.

5.2.3. Бірыңғай әдістемеге сәйкес белгіленген нысан бойынша Жұмыстарда жергілікті қамтудың үлестің нақты есебін бермеген жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге Шарттың жалпы сомасынан 10% артық емес мөлшерде әр кешіктірілген күн үшін Шарттың сомасынан 0,1% мөлшерінде айыппұлды төлейді;

5.2.4. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған және орындаушы шарттық міндеттемелерді орындамаған (ішінара орындаған)/ жұмыстарды орындамаған жағдайда мердігер Шарттың қолданысы тоқтатылғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде шарттың барлық сомасының (немесе орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының) 10% мөлшерінде айыппұл (өсімпұл, тұрақсыздық айыбын) төлеуге міндетті.

5.2.5. Тапсырыс берушінің Орындаушы алдында кредиторлық берешегі болмаған жағдайда, Орындаушы тұрақсыздық айыбының (айыппұлдар мен өсімпұлдардың) сомасын хабарлама алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде төлейді.

5.2.6. Осы Шарт мердігердің кінәсінен бұзылған жағдайда (шартты орындамау (тиісінше орындамау) Мердігер Тапсырыс берушіге осындай бұзудан келтірілген барлық шығындарды өтейді, сондай-ақ Тапсырыс берушіге шарттың жалпы сомасының 10% - ы мөлшерінде айыппұл төлейді (лоттар болған кезде-орындалмаған және/немесе тиісінше орындалмаған лоттар сомасының) 10% (он пайызы) мөлшерінде айыппұл төлейді міндеттемелер).

5.2.7. Техникалық ерекшелікте (осы Шартқа № 2 қосымша) көрсетілген талаптар сақталмаған жағдайда Мердігер Тапсырыс берушіге осындай жағдай анықталған күннен бастап тараптар қол қойған тиісті актіні жасау жолымен әрбір жол берілген жағдай үшін 10 (он) АЕК мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұдан басқа, Мердігер Тапсырыс берушіге және үшінші тұлғаларға осыған келтірілген барлық залалдарды өтейді.

5.2.8. Мердігердің кінәсінен жұмыстарды орындау барысында Тапсырысшының мүлкі бүлінген немесе істен шыққан жағдайда мердігер тапсырысшыдан ақау актісін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде Тапсырысшыға мүлікті қалпына келтіруге жұмсалған соманы өтейді. Бүлінген мүлікті қалпына келтіру мүмкін болмаған жағдайда мердігер мүліктің толық құнын өтейді.

5.2.9. осы Шартты орындау барысында оның Тапсырыс берушінің мүлкіне, Тапсырыс беруші қызметкерлерінің, сондай-ақ үшінші тұлғалардың өміріне және/немесе денсаулығына зиян келтіруіне байланысты барлық тәуекел үшін.

5.2.10. жұмыстарды орындау кезінде тұрақсыздық айыбын төлеуді, Тапсырыс берушінің залалдарын өтеуді, сондай-ақ осы бұзушылықтарға байланысты қоршаған ортаға келтірілген зиянды өтеуді қоса алғанда, өндірістік қауіпсіздік саласындағы ҚР НҚА бұзушылықтарына жол бергені үшін.

5.2.11. жұмыстарды орындау кезінде табиғат қорғау заңнамасының талаптарын бұзу нәтижесінде Тапсырыс берушіге келтірілген зиян үшін.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

5.2.12. мердігер табиғат қорғау қызметінің бұзылуы салдарынан тапсырысшыға немесе үшінші тұлғаларға келтірілген, қызмет көрсету кезінде оларға жол берілген шығындарды өтеуге міндеттенеді.

5.2.13. Тапсырысшы жұмыстарды орындау кезінде мердігер жол берген табиғат қорғау заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылыққа тартылған жағдайда, мердігер Тапсырысшыға келтірілген барлық залалды өтеуге міндеттенеді.

5.2.14. мердігер қызметтер көрсетілген аумақтағы, жұмыс алаңындағы және оған іргелес аумақтағы қоршаған орта объектілеріне өзінің техногендік әсерінің теріс салдарын толық жоюды қамтамасыз етеді.

5.2.15. мердігердің табиғат қорғау заңнамасын қызметтер көрсету процесінде бұзуына байланысты айыппұлдар, талап қоюлар мен талап қоюлар сомаларын төлеу жөніндегі шығындарын Тапсырысшы өтеуге жатпайды.

5.2.16. Тапсырыс беруші мердігердің кез келген қызметкерінің Тапсырыс берушінің кінәсінен болмаған жарақаты, мертігуі немесе қайтыс болуы үшін, сондай-ақ олар өндірістік қауіпсіздік талаптарын бұзған жағдайда жауапты болмайды.

5.2.17. Тараптармен келісілген іс-шараларды белгіленген мерзімде орындамау, тиісінше орындамау Тапсырыс берушінің осы Шартты орындаудан біржақты бас тартуы үшін негіз болып табылады

5.2.18. Осы Шартта көзделмеген өзге жағдайларда Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

5.2.19. Өнім беруші шарттың 3.1.24-тармақшасында көзделген міндетті бұзған жағдайда, өнім беруші төлеуге міндетті Тапсырыс берушіге факторинг шарты бойынша берілген ақшалай талап сомасының 30 % (отыз пайызы) мөлшерінде айыппұл салынады.

5.3. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерді орындамау және/немесе тиісті түрде орындамау үшін Тапсырыс берушімен осы Шарт бойынша төленетін өсімпұлдың (айыппұлдардың) сомасын шегеруге келіседі.

5.4. Егер Мердігер Шарттың 3.1.2.-тармағында белгіленген мерзім ішінде шартты орындауды қамтамасыз етуді тапсырмаса, Тапсырыс беруші осы Шартты біржақты тәртіпте бұзады және әлеуетті жеткізушімен тапсырылған өтінімді қамтамасыз етуді ұстап қалады.

5.5. Тапсырыс берушінің жауапкершілігі:

5.5.1. Шарт бойынша төлемдерді (оның ішінде аванстық төлемдерді) кешіктіру жағдайында Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ _____ 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге тиіс .

5.5.2. Мердігер ұсынған Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтаруды кешіктірген жағдайда, Тапсырыс беруші Мердігерге мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің енгізілген сомасының 0,01%-ы мөлшерінде, бірақ Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасының 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуге тиіс.

5.5.3. Тапсырыс беруші Орындалған жұмыстар актісіне қол қоюды кешіктірген жағдайда Мердігердігердің Тапсырыс берушіден мерзімі өткен әрбір күнтізбелік күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,1%-ы мөлшерінде, бірақ _____ 10%-ынан аспайтын өсімпұл төлеуді талап етуге құқығы бар.

5.6. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші орнатылған тәртіпте Қордың сенімсіз жеткізушілерінің тізіліміне Мердігер туралы мәліметтерді енгізу үшін Сатып алу бойынша қордың Операторына ақпаратты жібереді.

5.7. Мердігер осы Шарт бойынша міндеттерін бұзған жағдайда Тапсырыс беруші осыған қатысты есептелген және залалға қатысты пайда болған айыппұл сомасын Шартты орындауды қамтамасыз ету сомасынан ұстап алуға құқылы.

5.8. Мердігер осы Шартта белгіленген мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда:

5.8.1. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу үшін Шартта белгіленген мерзімнен кейінгі күні Шартты біржақты тәртіппен бұзады;

5.8.2. Енгізілген тендерге қатысуға өтінімді қамтамасыз етуді ұстайды.

5.8.3. Холдингтің сенімсіз өнім берушілерінің тізбесіне мердігер туралы мәліметтерді енгізу үшін сатып алу мәселелері жөніндегі уәкілетті органға белгіленген тәртіппен ақпарат жібереді.

5.9. Тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу Тараптарды осы Шартта белгіленген міндеттерді орындаудан босатпайды.

5.10. жұмыстарды орындау процесінде болған авариялар, инциденттер және жазатайым оқиғалар үшін мердігердің кінәсі болған кезде Мердігер Тапсырысшыға келтірілген залалды толық көлемде өтейді.

5.11. Осы Шартта көзделмеген өзге жағдайларда Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Тараптар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жауапты болады.

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

6. Еңсерілмейтін күш жағдайлары

6.1. Егер Тараптар осы Шарттың талаптарын орындаудың мүмкін еместігі еңсерілмейтін күш мән-жайларына, оның ішінде дүлей зілзалаларға, жер сілкіністеріне, дауылдарға, өрттерге, технологиялық апаттарға, әскери іс-қимылдарға, эпидемияларға, ереуілдерге, мемлекеттік органдардың актілерін қабылдауға және т.б. байланысты болса, олардың осы Шарттың талаптарын орындау мүмкіндігіне тікелей әсер етуі шартымен, осы Шартта көзделген жауаптылықта болмайды.

6.2. Еңсерілмес күш мән-жайлары туындаған жағдайда осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдарлары қолданылатын уақытқа мөлшерлес кейінге шегеріледі.

6.3. Еңсерілмес күш мән-жайларына сілтеме жасайтын Тарап осындай мән-жайлар басталған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде олардың басталғаны туралы екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндетті. Хабарламада еңсерілмес күш мән-жайларының егжей-тегжейлі сипаттамалары, ықтимал салдарлар және Тарап осындай мән-жайлардың салдарларын барынша азайту үшін қабылдауға ниеттенген шаралар қамтылуға тиіс.

6.4. Еңсерілмейтін күш мән-жайларының әрекеті аяқталғаннан кейін еңсерілмейтін күш мән-жайларының әсеріне ұшыраған тарап уәкілетті орган берген еңсерілмейтін күш мән-жайларының орнын, қолданылу мерзімін растайтын құжаттарды ұсына отырып, күнтізбелік 10 (он) күн ішінде осындай мән-жайлардың әрекеті тоқтатылғаны туралы жазбаша нысанда хабарлауға міндетті.

6.5. Жоғарыда көрсетілген шарттар сақталмаған жағдайда, Тараптар ешқандай мән - жайлар еңсерілмейтін күш мән-жайлары ретінде қаралмайтындығына және Тараптардың осы Шарт бойынша міндеттемелері қандай да бір түрде алып тасталмайтынына немесе шектелмейтініне келісті.

6.6. Егер еңсерілмес күш мән-жайлары 2 (екі) айдан астам уақытқа созылса, онда Тараптар осы Шартты орындаудан бас тартудың болжамды күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын екінші Тарапты хабардар ете отырып, осы Шартты орындаудан бас тартуға құқылы, содан кейін осы шарт бұзылды деп есептеледі. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге осы шартты бұзу күніне Тапсырысшы нақты орындаған және қабылдаған жұмыстарға ақы төлейді

7. Шартты өзгерту, бұзу тәртібі

7.1. Осы Шартқа өзгертулер және толықтырулар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Тәртібінде сәйкес енгізіледі.

7.2. Жобаға немесе жасалған Шартқа Мердігерді таңдауға негіздеме болатын өткізілетін (өткізілген) сатып алулардың және/немесе ұсыныстардың шарттарын өзгерте алатын өзгерістерді Тәртібінің тармағында (тарында) қарастырылмаған басқа негіздемелер бойынша енгізуге болмайды.

7.3. Тапсырыс беруші келесі жағдайларда Шартты орындаудан біржақты тәртіпте бас тартуға құқылы:

7.3.1. Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 404-бабының 2-тармағында көзделген;

7.3.2. Мердігер өз міндеттерін бұзған жағдайда;

7.3.3. осы Шартқа №1 қосымшада және №2 қосымшада көзделген талаптар және/немесе шарттар орындалмаған жағдайда.

7.3.4. Тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың орынсыздығына байланысты;

7.3.4.1. Төтенше жағдайға немесе экономикадағы басқа да жағымсыз құбылыстарға байланысты Тапсырыс берушінің шығыстары қысқартылған жағдайда;

7.3.4.2. Тапсырыс берушінің алқалы атқарушы органының/Байқау кеңесінің (алқалы атқарушы орган/басқару органының/жоғары органның Байқау кеңесі (қатысушылардың жалпы жиналысы) болмаған жағдайда) шешімі негізінде өндірістік қажеттілік болмаған жағдайда.

7.3.5. мердігердің жұмыстарды орындау мерзімдерін бұзуы;

7.3.6. мердігердің осы Шарттың талаптарында көзделген Орындалатын жұмыстардың сапасына қойылатын талаптарды сақтамауы;

7.3.7. мердігердің осы шартта айқындалған орындалған жұмыстарды қабылдау барысында анықталған кемшіліктерді жою мерзімдерін бұзуы;

7.3.8. мердігердің осы Шарт бойынша жұмыстарды одан әрі орындауы қажеттілігінің болмауы;

7.3.9. мердігердің осы Шарт бойынша міндеттемелерін тиісінше орындамауына әкеп соғатын өзге де мән-жайлардың туындауы.

7.3.10. Мердігер осы Шартта белгіленген мерзімде шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізбеген жағдайда.

7.4. Шарттың қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда шарт бұзылған болып есептеледі және мерзім өткеннен кейінгі бірінші жұмыс күні

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей

Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

өзінің қолданысын тоқтатады. Шарттың қолданылуы тоқтатылған және орындаушы шарттық міндеттемелерді орындамаған, жұмыстарды орындамаған жағдайда мердігер Шарттың қолданысы тоқтатылғаннан кейін 10 жұмыс күні ішінде шарттың барлық сомасының (немесе орындалмаған міндеттеменің жалпы сомасының) 10% мөлшерінде айыппұл (өсімпұл/тұрақсыздық айыбын) төлеуге міндетті.

7.5. Егер «Самұрық-Қазына» АҚ сатып алу бойынша өкілетті органы сатып алуда бұзушылықтарды анықтаған жағдайда Тапсырыс беруші шарттан біржақты тәртіпте бас тарта алмайды. Мұндай жағдайда шартты ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес және Шартты бұзу күніне қарай нақты шығындарды төлеу шартымен Тараптардың өзара келісімі бойынша бұзуға болады.

7.6. Егер Шарт Тапсырыс берушінің кесірінен бұзылса, Мердігер Тапсырыс берушіден Шартты тиісті түрде орындамау нәтижесінде пайда болған шығындарды және залалдарды, сонымен қатар өсімпұл мен айыппұл сомаларын өтеуді талап етуге құқылы.

7.7. Осы Шарт бұзылған жағдайда оны бұзуға бастамашылық жасаған Тарап екінші Тарапқа осы шартты бұзу туралы жазбаша хабарлама жібереді. Бұл ретте осы Шарт хабарламада көрсетілген күннен бастап, оның ішінде егер осы хабарлама заңды мекенжайын ауыстыру себебі бойынша мердігердің кінәсінен алынбаған жағдайда бұзылды деп есептеледі. Мердігер шартты бұзу туралы хабарлама жіберілген/алынған күннен бастап күнтізбелік 1 (бір) күн ішінде жұмыстарды орындауды тоқтатуға міндетті. Бұл жағдайда Тапсырыс беруші Мердігерге шартты бұзу күніне Тапсырысшы нақты орындаған және қабылдаған жұмыстарға ақы төлейді.

7.8. Осы Шарт мердігердің кінәсінен бұзылған жағдайда Тапсырысшы мердігерге осы Шарттың 5-бөлімінде белгіленген тұрақсыздық айыбын және Тапсырысшыға осы Шарт бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамаудан келтірілген залалдарды шегере отырып, осы шартты бұзу күніне Тапсырысшы іс жүзінде орындаған және қабылдаған жұмыстарға ақы төлейді. Егер Тапсырыс берушінің осы Шартты бұзуға байланысты тұрақсыздық айыбы мен залалдарының жалпы сомасы мердігерге төленуге жататын сомадан асып кетсе, онда айырма осы Шарт бұзылған күннен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде мердігердің Тапсырысшыға төленуге жататын борышын құрайды.

7.9. Тапсырыс беруші шартты біржақты тәртіппен орындаудан бас тартқан кезде Тапсырыс беруші Мердігерге Шартты бұзудың болжамды күніне дейін кемінде күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын тиісті жазбаша хабарлама жібереді. Хабарламада Шартты бұзудың себебі көрсетілуге тиіс, күші жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзудың күшіне енген күні көрсетілуге тиіс. Жоғарыда көрсетілген мән-жайларға байланысты шарт бұзылған кезде мердігердің шартты орындауға байланысты оны бұзатын күнгі іс жүзіндегі шығындар үшін ғана ақы талап етуге құқығы бар.

7.10. Тапсырысшы осы Шартты бұзған жағдайда мердігер Тапсырысшыға осы Шарттың мерзімінен бұрын бұзылуына байланысты туындаған залалдарды және/немесе тұрақсыздық айыбын көрсетпеуге міндеттенеді.

8. Хат-хабар

8.1. Егер Шарттың талаптарына сәйкес кез келген хат-хабарды жүргізу, хабарлама, нұсқаулық, келісім, мақұлдау, куәлік немесе басқа біреудің шешімдерін жіберу немесе беру қажет болса және егер басқаша келісілмесе, онда хат-хабардың бұл түрі жазбаша нысанда негізсіз бас тартусыз және кешіктірусіз жүзеге асырылады.

8.2. Шартқа сәйкес немесе оған байланысты хат-хабарға қатысты барлық құжаттарда Шарттың нөмірімен Тараптардың деректемелері көрсетілуі тиіс.

8.3. Осы Шарттың талаптары бойынша жазбаша нысанда орындалуға тиіс кез келген хат-хабар, хабарламалар, есептер, сұрау салулар, талаптар, бекітулер, келісімдер, нұсқаулықтар, тапсырыстар, сертификаттар немесе басқа да хабарламалар алдын ала ұсынылуы және факсты/электрондық нұсқаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде кейіннен түпнұсқасын бере отырып, пошта хабарламасы бар тапсырысты хатпен, факспен немесе электрондық поштамен тапсырылуы тиіс.

8.4. Курьерлік поштамен, телекспен, жеделхатпен немесе факспен жіберілген кез келген хабарлама (неғұрлым ертерек алынғаны расталмаған кезде) беру сәтінде жеткізілген болып есептеледі.

8.5. Тапсырыс (әуе) хатпен жіберілген хабарлама пошта бөлімшесінің немесе курьерлік қызметтің поштаның жеткізілгенін растайтын мөртабаны болған жағдайда жеткізілді деп есептеледі.

9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл

9.1. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері қандай да бір заңсыз артықшылықтарды немесе өзге де заңсыз мақсаттарды алу мақсатында осы тұлғалардың іс-әрекеттеріне немесе шешімдеріне ықпал ету үшін кез келген тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде қандай да бір ақшалай қаражатты немесе құндылықтарды төлеуді төлемейді, ұсынбайды және төлеуге рұқсат бермейді.

9.2. Осы Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар және олардың қызметкерлері осы Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын заңнамада пара беру/алу, коммерциялық параға сатып алу ретінде сараланатын іс-әрекеттерді, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын іс-әрекеттерді жүзеге асырмайды.

9.3. Осы Шарт тараптарының әрқайсысы басқа Тараптың қызметкерлерін қандай да бір жолмен, оның ішінде ақшалай сомаларды, сыйлықтарды беру, олардың атына жұмыстарды (қызметтерді) өтеусіз орындау жолымен және қызметкерді белгілі бір тәуелділікке

Осы құжат Қазақстан Республикасы Цифрлық кодексінің 62 бабының 2 тармағына сәйкес қағаз тасығыштағы құжатпен бірдей
Данный документ согласно пункту 2 статьи 62 Цифрового кодекса Республики Казахстан равнозначен документу на бумажном носителе

қоятын және осы қызметкердің оны ынталандыратын тараптың пайдасына қандай да бір іс-әрекеттерді орындауын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да тәсілдермен ынталандырудан бас тартады.

9.4. Тарапта қандай да бір Сыбайлас жемқорлыққа қарсы жағдайлардың бұзылғаны немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, тиісті Тарап екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді.

9.5. Жазбаша хабарламада Тарап контрагенттің, оның қызметкерлерінің пара беру немесе алу, коммерциялық параға сатып алу сияқты қолданыстағы заңнамада сараланатын әрекеттерінен, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың және Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға қарсы іс-қимыл туралы халықаралық актілердің талаптарын бұзатын әрекеттерінен көрінетін осы шарттардың қандай да бір ережелерінің бұзылғанын немесе орын алуы мүмкін екенін анық растайтын немесе болжауға негіз болатын фактілерге сілтеме жасауға немесе материалдарды ұсынуға міндетті.

9.6. Осы Шарттың Тараптары сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі рәсімдердің жүргізілуін мойындайды және олардың сақталуын бақылайды. Бұл ретте тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тартылуы мүмкін контрагенттермен Іскерлік қатынастар тәуекелін барынша азайту үшін ақылға қонымды күш-жігер жұмсайды, сондай-ақ сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында бір-біріне өзара жәрдем көрсетеді. Тараптар сыбайлас жемқорлық қызметіне тараптарды тарту тәуекелдерін болдырмау мақсатында тексерулер жүргізу жөніндегі рәсімдерді іске асыруды қамтамасыз етуге міндеттенеді.

9.7. Тапсырыс беруші Шарттың екінші тарапын "ҚТЖ "ҰК" АҚ – дағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саясатының (бұдан әрі-саясат) қағидаттары мен талаптары туралы хабардар етеді. Шарт жасасумен басқа Тарап "ҚТЖ "ҰК"АҚ саясатымен танысқанын растайды. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау кезінде Тараптар өз қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын сақтауға және сақтауын қамтамасыз етуге, сондай-ақ Шарттың мақсаттары үшін қолданылатын халықаралық актілерде және шет мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамалық актілерінде көзделген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасамауға міндеттенеді.

9.8. Шарт мақсатында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға пара беру не алу кезінде жасалатын қасақана іс-әрекеттер, коммерциялық параға сатып алу не Тараптар қызметкерінің өз қызмет жағдайын тараптардың заңды мүдделеріне қайшы ақша, құндылықтар, сыйлықтар және өзге де мүлік немесе мүліктік, жеке немесе моральдық сипаттағы көрсетілетін қызметтер түрінде пайда алу, өзі үшін немесе үшінші тұлғалар үшін өзге де мүліктік құқықтар алу не көрсетілген адамға басқа жеке тұлғалардың осындай пайданы заңсыз беруі және, Қазақстан Республикасының немесе тарап келген және/немесе бизнес жүргізетін елдің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасына сәйкес (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар).

9.9. Тарапта сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық болды немесе болуы мүмкін деген негізделген болжам туындаған жағдайда(сыбайлас жемқорлық қылмыс не сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы өзге де анық ақпарат жасауға байланысты екінші Тараптың қызметкеріне (қызметкерлеріне) қатысты қылмыстық іс қозғау туралы ақпарат алған кезде), мұндай Тарап тиісті фактілерді (бұдан әрі-фактілер) көрсете отырып, бұл туралы екінші Тарапты жазбаша нысанда хабардар етуге міндеттенеді. – Хабарлама) және екінші Тараптан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық болмағаны немесе болмауы мүмкін екендігі туралы растау алынғанға дейін шарт бойынша міндеттемелерді орындамауға құқылы. Көрсетілген Растауды екінші Тарап хабарлама алынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ұсынуы тиіс.

9.10. Тапсырыс беруші сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасағаны туралы анық ақпарат алған кезде және осы баптың ережелері сақталған кезде екінші Тарапқа тиісті жазбаша хабарлама жібере отырып, Шартты біржақты тәртіппен толық немесе ішінара орындаудан бас тартуға, сондай-ақ екінші Тараптан Шартты бұзудан келтірілген залалдың өтелуін талап етуге құқылы.

9.11. Шарт тарапынан шарттың қандай да бір ережелерін бұзу орын алды немесе орын алуы мүмкін деген күдік туындаған жағдайда, Шарт тарапы кез келген ыңғайлы тәсілмен, оның ішінде Байланыс ақпараты "ҚТЖ "ҰК" АҚ корпоративтік веб-сайтында орналастырылған "жедел желі" арқылы "ҚТЖ "ҰК"АҚ-ны дереу хабардар етуге міндеттенеді.

10. Құпиялылық

10.1. Тараптар осы Шартқа қол қою арқылы осы шарттың мазмұны, сондай-ақ төлем туралы ақпарат құпия болып табылмайтынына және Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары мен ұйымдарының жүйесінде және/немесе өзге де ақпараттық жүйелерінде үшінші тұлғалар үшін қолжетімді болатынына өз келісімін білдіреді. Осы Шарт бойынша Тараптар беретін және/немесе пайдаланатын өзге де құжаттама мен ақпарат құпия болып табылады және Тараптар екінші Тараптың алдын ала жазбаша келісімінсіз, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында және Тәртібінде көзделген жағдайларды қоспағанда, осы ақпаратты үшінші тұлғаларға беруге құқығы жоқ. Осы тармақтың екінші абзацы Шарттың нысанасына жататын мәселелерді іс жүзінде шешу мүдделерінде сотта қарау жағдайларына немесе мұндай жария ету Қазақстан Республикасының заңнамасында ұйғарылған не осыған уәкілеттік берілген мемлекеттік органдардың талап етуі бойынша жүзеге асырылатын жағдайларда қолданылмайды.

10.2. Мердігер Тапсырыс берушінің Шарт бойынша ақпаратты, оған қоса, бірақ онымен шектелмей, Тапсырыс беруші банктер-контрагенттердің байланыс арналарының талап етілетін хаттамаларын пайдалана отырып, деректерді берудің қорғалған арнасы арқылы «Самұрық-Қазына» АҚ Ақпараттық-талдау жүйесіне үзінді көшірмелер жіберуі арқылы Самұрық-Қазына» АҚ-ға төлем деректемелері мен егжей-тегжейлері туралы ақпаратты ашуға құқылы екендігімен келіседі.

11. Шарттың қолданылу мерзімі

